

проигрыш и утрата. Ад – это участь строптивых, высокомерных, упрямых, неугомонных, которые, не верят в грозные предупреждения пророков. И ад создан по их подобию – скотоподобный, неукротимый, ненасытный, безжалостный и грубый.

Меня давно интересовал этот вопрос, и у меня появилась возможность попытаться поразмыслить об этом и более подробно на этом остановиться. В моем представлении рай и ад выглядели иначе. Тот рай, описание которого я нашла в различных источниках и тот рай что представляла во многом схожи, за исключением некоторых моментов. Но подробно узнав об аде я, действительно, ужаснулась. Многие не верят в существование всего сакрального и сверхъестественного, но интерес к этому все-равно проявляется.

Литература:

1. Максуд Р. В. Ислам. - М.: Изд-во ФАИР-ПРЕСС, 1999. - 304 с.
2. Васильев Л. С. История религии востока. - М.: Изд-во «Высшая школа» 1988. - 416 с.
3. Али-заде Айдын Ариф оглы. Исламский энциклопедический словарь. - М.: Изд-во «Ансар», 2007.-920 с.
4. Сказкин С.Д. Настольная книга атеиста. - М.: Политиздат, 1987.- 431 с.
5. Рай и ад / <http://islamdag.ru/verouchenie/3053>
6. Описание ада / <http://www.fatiha.ru/islam/ad.htm>
7. Айтбаев О.А. Религиоведение. - Караганды.: «Глассир», 2011.-508 с.

Мұрат М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, Кф-21 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – к.ф.н., доцент Қазанбаева А.З.*)

ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Тіл, мәдениет, өркениет өзара бір - бірімен сабақтастықта әрі үйлесімділікте өмір сүретіні мәлім. Кез - келген тілдің бірліктері сол ұлттың дүниетанымы, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігіне байланысты рухани және материалдық мәдениеті жөнінде мол мағлұмат береді. Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады және ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан - ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде мәңгі сақталады. Кез - келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт - дәстүріне, әдет - ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс- тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беретіні мәлім. Тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және қалыптасуындағы, дамуындағы лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл білімінің жаңадан дамып келе жатқан саласы – этнолингвистика болып табылады.

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың жаңа да дербес бір саласы. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, статолінгвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да- «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтежисінде пайда болған жаңа сала.

Осыған байланысты этнолингвистика «этнос», «этнос болмысы», «этнос тілі», не «тіл әлемі» деген түсініктерге ерекше мән береді. Өйткені бұлар жай термин ғана емес, бір таяқтың екі басы сияқты, бір-біріне етене қатысты, бірінсіз бірінің күні жоқ бір тұтас құбылыстың көрінісі іспетті. Бұл «этнолингвистика» терминінің атынан да, құрамынан да (грекше ethnos – «халық» және латынша lingua-«тіл» > французша *linguistique* – «тілтану») айқын көрініп тұр [1;8-бет].

Осы орайда, этнолингвистиканың барлық тілдерге қатысты әмбебап ғылым ретінде толық қалыптасып, дами түсуіне кейінгі кездерде түркі тілдері негізінде көбейе бастаған ізденістер мен зерттеулердің, соның ішінде қазақ тілінің де қосып отырған үлесін ескерген жөн. Этнолингвистика төмендегідей ғылым салаларымен байланысын айтып кетуімізге болады.

Этнолингвистика және этнография. Бұл екеуінің тоғысатын тұсы этнос болмысының сүбелі саласы – заттық бағалықты (материальные ценности) зерделеуге байланысты. Бұл екеуіне де ортақ объект – «тіл әлеміне» тән көл-көсір мол дүние. Алайда осыған қарап, этнолингвистика мен этнографияны да бір-бірімен алмастыруға болмайтын сияқты. Олардың өзара байланыстылығымен

қатар «ортақ» терінің пұшпағындай өз тәсілімен илейтін еншісі де жоқ емес. Бұл әсіресе тіл фактілерін пайдаланудан айқын көрінеді. Зерттеушілердің көбі этнолингвистика мен этнографияны «мақсат-мүддесі ортақ, бағыт-бағдары бір, бір таяқтың екі басындай егіз ғылым» деп қарайды. Бұл пікірді кезінде өзіміз де қолдаған едік. Алайда «тіл әлемін» тәптіштеп зерттеу барысында бұл пікірге де сын көзбен қарау керектігіне көзіміз жеткен сияқты. Оның басты себебі: екеуіне ортақ объект – этнос тілі болғанымен, оны екеуінің зерттеу тәсілі мен тереңдік деңгейі бірдей емес [1; 14-бет]. Мәселен, «Киіз үй» деген объектіні алсақ, этнографтар да, этнолингвистер де оның құрамын (*сүйегін, киізін, бау-шуын*), бөлшек-бөліктерін (*шаңырақ, уық, кереге, есік, туырлық, үзік, тундік, басқұр, белдеу, желбеу т. б.*), сондай-ақ оларды жасау технологиясын сөз етуге міндетті. Алайда киіз үйге қатысты тіліміздегі бұлардан басқа жүздеген атаулар мен мыңдаған қосымша ұғым-түсініктерді тәптіштей жинап, этнос тұрғысынан талдап, тарату этнолингвистердің ғана міндеті деп айта аламыз. Мәселен, «шаңырағың биік болсын!», «кереген кең болсын!», «қара шаңырақ», «ақ босаға», «табалдырықты баспа!», «құрған отауың биік болсын», «керегені керме» деген сияқты көптеген танымдық сипаттағы тілдік бірліктердің табиғатына үңілу тек этнолингвистердің ғана құзыретінде.

Тілімізде киіз үйдің түрлері мен құрылысына байланысты төмендегідей этнолексика кездеседі. Мысал, абылайша, ақ шаңқан үй, ақтағыр, алтын қанат ақ орда, ашар, аяқбау, бақалақ, бақан, бақанша, балашық, бес қанат киіз үй, босаға, ергенек, есік; жаба салма, жабық, жаппа, жапсар, жарма, желкөз, жетім босаға, жоламай, жолым үй; итарқа, иткірме; кереге, киіз үй, көз, көк, көктеу, күйме, күлдіреуіш; қалам, қаламдау, қаламдық, қанат, қара құрым үй, қара үй, қараша үй, қарнау, құрым киіз; маңдайша; отау; өре; сағанақ, сықырлауық, сырық; табалдырық, таңғыш, тоғын, тоңқайма, төр, туырлық, тундік, тундіктеу; уық, уықбау; ұранқай; үзік; шаңқай үй, алтын шаңырақ, қара шаңырақ, үлкен шаңырақ, т.б.

Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарына байланысты да этнолексика қолданылады. Мысалы: абажа, абдыра, адалбақан, ақ жайма, алақан, алаша, асадал, ас жаулы, ашар, ашқыш, аяққұр; әдіре; балауыз, балдақ, бас арқан, бас арқан, баспа; аспалы бесік, жел бесік, бидай, бөдеске, бөстек, бұйда, пышақ, бұлғауыш, бітпес, дастархан; мойын жастық, құс жастық, жастық ағаш, жастық кілем, жөргек, жауырқан, жүк, жүк аяқ; құрғақ көрпе, сырыған көрпе, тері көрпе, түйе жін көрпе, шәй көрпе, көрпе-жастық, көрпеқап, көрпеше, көшсырмақ, күбі, күпсек т.б. [2; 419-бет]

Қорыта келгенде, этнос болмысына қатысты тіл фактілерін этнографияға қарағанда этнолингвистика әлдеқайда ауқымды да кең пайдаланып, олардың тілдік мән-мағынасын жан-жақты да терең түсіндіруге тырысады. Қоғамдық пәндермен этнолингвистиканың ара қатынасы осылай болса, лингвистикалық пәндермен болатын бұл қатынас сәл басқашалау. Этнолингвистиканың тілмен байланыстылығы көркем шығармалардан алынған мысалдардан айқын көрінеді. Қазіргі этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексика қарастырылып, лингвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика - семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалыу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан - жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім - болмысын таныта түседі.

Этнолексикалық қолданыстар тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қарым-қатынастық ролі де айқын көрінеді. Этнолексика арқылы қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі көрініс беріп, этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әр түрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Қазақ тіліндегі этнолексика, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады. Этнолингвистиканың тілмен байланыстылығы көркем шығармалардан алынған мысалдардан айқын көрінеді.

Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романынан мысал келтірер болсақ. Мысалы: Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ерулікке шақыра бастады. Бозбалалар араласып “қымыз ішеміз” деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарын мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да сау тайларын үйретпекте еді [3; 6-бет].

Бекжан начальниктен тағы естігенін сөйлей бастағанда, әлгі топтағып отырған халыққа бір жігіт шауып келіп:

– Сүйінші, Сәрсекке! Шолпан жеңге аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты,– деді. Сол уақытта жастар “Сәрсекке” деп, үлкендер:

– Сәрсенбай, қуаныш қайырлы болсын, Алла ұзағынан сүйіндірсін, әйел бала деменіз!– десті. Сәрсенбай:

–Жоқ, олай деменіздер, мен қайбір ұл-қыз таңдайын деп жүрген кісі,- деп орнынан тұрып, атына мініп үйіне қайтты [3; 7-бет].

Мұнан кейін көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай бір қыз айттырды. Өздеріне қырық шақырым жерде Сайболат деген елде Жарас деген молланың бір ұл, бір қызы бар екен. Молла опат болған соң болған соң, қатынын бір жақын кедей әменгері алып, әлгі екі жетім бала соның қолына шыққан еді.

Сәрсенбай зор қуанышта болып, шілдеханаға қанша қызбозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, көл басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді [3; 8-бет].

– Жай, басым ауырады,– деп қоюшы еді. Жамал осындай уайымдарда болып жүргенде, бір күні Байжаннан Сәрсенбайға: “Биыл баламды ұрын жіберемін”, – деп сәлем келді.[3; 18-бет]

Жамал мен Ғали аз күні ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: “Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды ” деген өсек расқа шықты [3; 27-бет].

Бастан-аяқ оқиғаны Ғали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай әуелінде осындай қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды хәм тәуір көретіндігінен, бұл екі мүсәпірді қабыл алды [3; 34-бет].

“Жамал Сәрсенбай қызына ешкім қиянат, жәбір қылмасын! Сүйген күйеуіне баруға өзіне ерік берілді. Қалың мал хақында дау болса, волостной съезге салынсын”,– деп [3; 35-бет].

Байжанның барымтаға аттандырған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып хәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдап барып та қалды [3; 36-бет].

Ерулікке шақырады, қыз айттырды, әменгері алып, шілдехана, ұрын жіберемін, күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды, қалың мал, барымта және т.б. мысалдарда ұлттың салт- дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты этнолексика беріліп, ұлттың таным- түсінігінен, болмысынан түсінік береді.

Қазақтың мәдениетіне қатысты тілдік атаулардың табиғаты «ұлт пен тіл біртұтас» қағидасына негізделіп ашыла түседі. Тілдің лексика-семантикалық жүйедегі қолданыстары ұлт мәдениетінің көзі ретінде айқындала түседі. Қазақтың күнделікті тұрмысында қолданылатын бұйымның не болмаса бір заттың атауы – ұлттық сана мен ұлттық талғам сабақтастығының негізінде пайда болып, сол ұлттың болмысын аша түсетін интегралды туындының тілдегі бейнесі болып табылады. Сонымен тілдегі бір заттың атауы белгілі бір затты білдіріп ғана қоймайды, ұлттың өзіне тән туындаған дүниетанымдық ерекшелігін байқатады. Халықтың жалпы рухани өмірін, талай ғасыр басынан өткен ата салтын, әдет-ғұрпын, елдік қасиетін бейнелейтін ұлтқа қатысты байырғы этнолексикасы батырлар жырында, көркем шығармаларда, ауыз әдебиетінің басқа да үлгілерінде жатса керек.

Сонымен байқайтын болсақ, қазақ тілінің лексикасы – қат-қабат, сарқылмас мол қазына болып табылады. Осы мол байлықтың ең негізгі қабаттарының бірі- этнографиялық лексика. Онда мағынасы күңгірттеніп қолданыстан шығып қалған, ұлтымыздың әдет - ғұрпы мен салт- дәстүрін бейнелейтін және сонымен қатар әртүрлі кәсіпке байланысты қазіргі уақытта ұмыт бола бастаған атаулар, сөз тіркестері, оралымдар, сөйлемдер көптеп кездеседі. Тіліміздегі киіз үй бөлшектерінің, киім- кешек, қару-жарақ, қолөнер бұйымдары, саятшылыққа, зергерлікке, ұлттық тағамдарға және т.б. байланысты атауларда халқымыздың басынан өткен ұзақ өмірінің өрнегі жатыр десек те болады. Этнос тілін тану арқылы ұлттың танымы мен талғамы айқындала түседі. Қазақ дүниетанымындағы қалыптасқан ұғымдар оның рухани - мәдени мұрасынан көрініс береді.

Этнолингвистикалық зерттеулер ұлт тіліндегі этноқолданыстарды ашып, олардың қолданыстағы мүмкіншілігін айқындауға мүмкіндік береді. Көркем шығармаларда қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи - мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын күрделі категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, кумулятивтік қызметі айрықша көрініс беретін ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыратын рухани, мәдени байлығымыздың негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: «Ана тілі»,1998.
2. Қайдар Ә. «Қазақтар ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық сөздік) Том II. Алматы: «Сардар», 2013.
3. «Қазақтың 100 романы» Алматы: «Жазушы», 2009.

Наскенова С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ГИ-47 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – аға оқытушы, Бөдеев Қ.Т.*)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ

XXI ғасыр – технологиялар мен ақпараттық құралдар заманы. Ұлттық салт-сана ұғымын қоғамнан алшақтатуға дайын тұрған кезеңнің басы. Қазіргі кезеңде кез-келген мемлекет ұстанымы заман талабына сай өмір сүру. Сондықтан өскелең ұрпақты «барлық әдет-ғұрыптар мен ұлттық дәстүрді жатқа біледі немесе ұлттық құндылықтың мәнін түсініп, оны мәңгілікке сақтай алады» деп айта алмаймыз. Себебі, технология еңсерген кезеңде адамның өткенінен алшақтауы басым үдеріске айналады. Этникалық болмысына алаңдайтын ұрпақ бойында туындайтын заңды сұрақ: «Қоғамда ұлттық салт-дәстүрлердің алатын орны қандай?».

Жалпы, «Қазақ кеңес энциклопедиясында»: «Дәстүр дегеніміз ұрпақтан-ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі» [1] делінген. Яғни әр халықтың өзіне тән әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері болады, осы ұлттық мәдениет арқылы сол халық өзінің қасиеттерін, мінез-құлқын, тәрбиесі мен құндылықтарын көрсете алады.

Қазақтың мәдениеті мен өркениеті кең, өте бай деп айта аламыз. Өзге ұлттар секілді адамның рухани және материалдық мәдениетінің барлық нұсқаларын Мемлекетімізде 130-дан аса ұлт өкілдері мекен етеді, яғни осы жерде мәдениетіміздің артықшылықтарын біршама атап кетуге болады. Тіліміз бен дініміз, тәрбиесіміз бен салт-дәстүріміз, әдеп-ғұрыптармыз, халқымыз, туған жеріміз – осылардың барлығы біздің қадір-қасиетімізді, өнегемізді, адамгершілігімізді, патриоттық сезімдерімізді көрсетеді.

Қазақ халқы ұлттық салт-дәстүрлерге бай мемлекеттердің бірі. Қазақ елінде салт-дәстүрлердің бірнеше түрлерін кездестіруге болады: соның ішінде, бала тәрбиесіне байланысты шілдехана, сүйінші, көрімдік, балаға ат қою, бесікке салу, қыркынан шығару, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, тіл ашар болып бөлінеді; әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл-адамдарының туыстық қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық әуен аспаптары, үйлену-үй болуға байланысты, қонақ күту, ұлттық мерекелерді өткізу сияқты түрлері кіреді; сонымен қатар қазақ халқында беташар, тыйым, жеті ата, базарлық, тізе бүгу, шашу, тоқымқағар және тағы басқа көптеген ұлттық салт-санамызды көрсететін дәстүрлеріміз жетерлік [2]. Алайда, уақыт өткен сайын біраз салт-дәстүрлеріміз де ұмыт бола жатыр, қоғамнан да жоғалып бара жатыр деп айтуға болады.

Жаңа ғасыр – жаңа технологиялар, жаңа ізденістер ғасыры. Заман талабы өзгерген сайын адамзаттың да ұлттық ой-санаға, дәстүрлерге деген көзқарасы өзгеруде. Яғни, қазақ халқының салт-дәстүрлері тіршілік кәсібіне, наным - сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты, ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің өзгеріп, қоғамға жаңадан енгізілуі дұрыс па? Заман талабына сай ұлттық салт-дәстүрлер өзгертілуді қажет ете ме? Осы сұрақтарға жауап беру үшін ең алдымен қазақ халқының ұмытылып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріне тоқталып өтсек.

Айдар, яғни ұл баланың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қойған. Бұл ғұрып негізінен, тіл-көзден сақтау үшін ер балаларға жасалады. Мысалы, Кенесарының інісі Наурызбай батырдың ұзын айдары болғаны тарихтан-ақ белгілі. Қазіргі кезде бұл атау жастар арасында да, үлкендер арасында да көп қолданысқа ие емес екендігін көруге болады, себебі бұл ғұрыпты жастарымыз іштей білсе де, оның атауын білуі екіталай.

Аунату. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматовтың үйіне Мұхтар Әуезов келгенде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

Байғазы беру. Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады.

Жол беру. Қазақта үлкен адам келе жатқанында алдын кесіп өтпейді, оған жол береді, үйге кіргенінде орнынан тұрып төрге отырғызады. Аң аулағанда да жасы үлкен адам бірінші болып оқ шығарады, олжаның алғашқысын иемденеді. Алыстан келген қонаққа да, қызметі мен шені үлкен